ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru | университет студенттерінің үні | №04 (468) 7 наурыз 2019 жыл




*Халықаралық әйелдер күні!*

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫ

Алқалы кездесуге республикалық, облыстық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері сонымен қатар оқу ордамыздың журналистика мамандығының студенттері арнайы қатысты. Кездесу барысында «Жас журналистер клубы» құрылды.

2 БЕТТЕ

### САМАЛ ЕСЛЯМОВА – УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ!

«71-ші Канн кино фестивалінде отандасымыз Самал Еслямова ие болған «Ең үздік әйел рөлі» номинациясы кешегі Кеңес Одағы кезінде ешқандай актрисаға бұйырмаған жүлде. «Айка» фильмін кино өнерімізге қосылған жауһар дүние деп білемін» деді көрсетілімде алғаш сөз алған университет ректоры Б.Абдрасилов.

2 БЕТТЕ

### TÜRKMENISTAN'IN BAYRAK GÜNÜ COŞKUSU

Türkiye, Kazakistan ve Türkmenistan'ın ulusal marşlarının okunmasıyla başlayan programda bir konuşma yapan Rektör Vekili Tomar, Türk Dünyasını kendilerinden ayrı görmediklerini belirterek, "Sevgili gençler, öncelikle sizlerin Bayrak gününüzü tebrik ediyorum, 1991'den itibaren Türk Cumhuriyetlerinin bağımsızlıklarını kazanması ve bunun coşku ile Türk dünyasında ortak bayram olarak kutlanması bizlere büyük mutluluk ve gurur vermektedir.

7 БЕТТЕ

### ӘЛЕМНІҢ АҚЫМАҚ ЗАҢДАРЫ

Австралияда тұрмыстағы әйелдердің басын айына бір реттен көп жууына тыйым салынған.

Үндістанда әйелдермен саясат туралы әңгімелесуге болмайды.

8 БЕТТЕ

# «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ XVIII СЪЕЗІ ӨТТІ



**Таяуда Астанада ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Нұр Отан» партиясының кезекті XVIII съезі өтті. Күн тәртібінде Партияның 2030 жылға дейінгі бағдарламасын қабылдау, партияның құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, саяси құрамның жұмысына баға беріп, орталық комиссияның жұмысымен танысу, саяси кеңес пен орталық бақылау комиссиясының жаңа құрамын бекіту қаралды.**

Съез партияның 20 жылдық мерейтойына орайластырылған. Алдымен Нұрсұлтан Назарбаев 20 жыл бойы иық тіресе жұмыс жасап, бірге келе жатқан қатарластарына алғысын білдірді.

Президент өз сөзінде көп балалы ата-аналарды, аз қамтылған отбасыларды қолдау, ауылдарды дамыту бойынша үкімет пен әкімдіктерге бірқатар тапсырма берді. Сонымен қатар «17 аймақта 17 үздік оқу орыны болуы керектігін нықтап айтты. Әрбір тұрғынның денсаулығы мықты және білімді болуы керек екендігін жеткізді. Және де жемқорлықты жоюға қатты көңіл бөлетіндігін білдірген Мемлекет басшысы әсіресе жастар арасында болдырмауды баса айтты. Биыл жастар жылы, олар — біздің болашағымыз. Ал партия жас кадрларды қолдауға көңіл бөлсін. «Нұр Отан» мүшелерінің бәрі нағыз ұлтжанды, абыройлы болуы керек. Біз бүгін сан қуаламай, сапаға көшеміз. Партия мүшелерінің сапасы маңызды,-деді Елбасы.

Айта кететін жайт, латын әліпбиіне көшкендігімізден партияның атауында латын әріптерін қолдану ұсынылған. Партия логотипінде Күннің 17 сәулесі бейнеленген. Ол біздің облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларын білдіреді. Латын графикасындағы атау партия төрағасының қолымен жазылған.

Елбасы қорытынды сөзінде – «Нұр Отан» – толағай табыстың және болашаққа жол ашатын жарқын жетістіктердің партиясы. Біздің ұзақ мерзімді стратегиямыз, мол табиғи ресурсымыз, саяси ерік-жігеріміз бар. Мемлекеттің қуаттылығы экономиканың даму қарқынымен және тұрғындардың тұрмыс сапасымен өлшенеді. Сондықтан, мен өзіме сенім артқан халқымның болашақта емес, қазір бақытты болғанын көргім келеді. Біздің ұстанымымыз – татулық пен тыныштық, ұранымыз – береке мен бірлік. Тәуелсіз Қазақстанның арқа сүйейтін тірегі – баянды бейбітшілік пен келелі келісім! Бас партия болу дегеніміз – басқару емес, елге адал қызмет ету! Біз – халық бірлігінің партиясымыз. Бүгінгі съез Қазақстанды дамытудың жаңа кезеңіне жол ашады. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына бауырымыз бүтін, аман-есен, мол табыспен жете берейік! Әрекет ететін кез келді, ағайын! Алға, «Нұр Отан»! Алға, Қазақстан!-деп аяқтады.

Айта кететін жайт, Сьезге оқу ордамыздың басшысы Болатбек Абдрасилов бастаған делегация да қатысты. Онда ректор съез жайында Республикалық бірқатар телеарналарға сұхбат берді.

# *Арулар - асыл жандар, шуақ боп шашылғандар!*



*Ардақты аналар, аяулы арулар, қымбатты қыздар!*

*Көгілдір көктемнің қанатына ілесіп келген — 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!*

*Ана — қашанда тіршіліктің тірегі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі, жақсылықтың бастауы. Халқымыз әрқашан әйел затын қастерлеген, ырыс пен ынтымақтың алтын діңгегіне балаған. Көктемнің гүліндей құлпырып, әрқашан бақытты да баянды ғұмыр кешіңіздер! Бүгінгі мерейлі мереке қарсаңында дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!*

*Бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербететін алтын құрсақты аналарымыз аман болғай.*

*Университет ректоры Б.С.Абдрасилов*

# ҒАЛЫМДАРЫМЫЗ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА!




**Жуырда Астанада 2018 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегерлері марапатталды. Байқауға республикамыздың 80 жоғары оқу орындарынан 481 үміткер бақ сынап, 43 жоғары оқу орнынан 200 ғалым «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері атанды.**

2018 жылдың "Үздік оқытушысы" мәртебесіне ие болған университетіміздің ғалымдары, тарих ғылымдарының кандидаты Ляззат Динашева, профессор м.ғ.д.Ғалымжан Елікбаев, филология ғылымдарының кандидаты Жазира Исаева, профессор м.а. Ф.-м.ғ.к. Мұрат Сұлтанов, доцент м.а. Э.ғ.к. Малике Мунасипова, доцент м.а. Техн.ғ.к. Ғани Исаевтар ҒжБ министрінің қолынан төсбелгілері мен сертификатарын алды. Ғалымдардың педагогикалық және ғылыми шеберлігін саралайтын «ЖОО-ның үздік оқытушысы» байқауының жүлдегерлерін құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

# ҰСТАЗДАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ I СЪЕЗІ

**Оқу ордамыздың мәдениет орталығында «Рухани жаңғыру жарқын жолы- өскелең ұрпақты ұлттық құндылықта тәрбиелеу» атты педагог қызметкерлерінің республикалық I съезі өтті. Жиынға еліміздің түкпір-түкпірінен 200-ге жуық мұғалімдер мен халыққа танымал ұстаздар және университет басшылары қатысты. Шара барысында заманауи озық іс-тәжірибелер негізінде білім беру ұйымдарының басшыларына, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына және білім беру саласындағы барлық қызметкерлерге кәсіби даму қызметтері ұсынылды.**

Ұлттық рухани байлықты сақтауға бағытталған съездің жұмыс жасауға арналған бағыттары бар. Ұстаз мәртебесін көтеру, педагогикалық білім беруді жаңғырту және білімнің жаңартылған мазмұны сияқты бағыттар бүгінгі күннің басты тақырыптарына айналды. Арнайы Астанадан келген Абайтанушы, филология ғылымдарының докторы Омар Жәлел өз сөзінде: «Бүгінде педагогтардың үлкен олқылықтары көп. Балаға тәрбие береміз деп, бәрін ұмытып кеттік. Мансапты бірінші орынға қойып қойдық. Дүниеге келген баланың сапасы білімге деген махаббатымен өлшенеді. Яғни, бүгінгі ұрпақтың сапалы болуы білімде екен.»-, деп ұстаздарға сенім білдірді. Ұйымдастырушыларға қазақи мектепті ашу туралы ұсыныс тастап, «қазақи» деген тек ана тіліміздегі білім емес, рухани мінезге бай балаларды тәрбиелеу екендігін түсіндірді.

Университетіміздің оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Өмірбек Үмбетов: «Педагогика саласына біз де өз үлесімізді қосқымыз келеді. Сол үшін университет жанынан педагогтың білімін көрсету мақсатында институт ашылады. Облыстық білім басқармасымен тығыз байланыс орнату арқылы рухани бай педагог дайындау біздің басты мақсатымыз», - деді журналистерге берген сұқбатында.

«Отбасы құндылықтарын жаңғырту - саналы ұрпақ тәрбиесінің кепілі» тақырыбында баяндама оқыған оқу ордамыздың профессоры Қалипа Атемова білім әлемдік болғанымен, тәрбие ұлттық болуы тиіс екендігін айтып өтті. Еліміздегі ұстаздар болып ұлттық тәрбие туралы педагогикалық кітап жазу керектігін ұсыныс ретінде жеткізді.

**Ақпарат орталығы**



# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫ

**Жуырда оқу ордамызда бұқаралық ақпарат құралдарының басын қосқан келелі жиын өтті. Бірқатар келіссөздер жүргізілді. Шеберлік сыныптарын өткізу, БАҚ-да тәжірибеден өту мәселесі қозғалды.**

Университетіміздің ректоры Болатбек Абдрасилов «Қазақстан Журналистер одағы» қоғамдық бірлестігі Түркістан облыстық филиалының төрағасы Ғалымжан Елшібаймен және «Қазақстан» республикалық телерадиокорпарациясы акционерлік қоғамы «Оңтүстік» филиалының директоры Бауыржан Бердімұратовпен ынтымақтастық келісімге қол қойды. Алқалы кездесуге республикалық, облыстық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері сонымен қатар оқу ордамыздың журналистика мамандығының студенттері арнайы қатысты. Кездесу барысында «Жас журналистер клубы» құрылды. Оған әзірге 42 адам мүше болуға өтініш беріпті. Студенттер өз орталарынан жас журналистер клубының төрағасына журналистика мамандығының 2-курс студенті Нәрзілда Нұрсұлтанды сайлады.

Университет ректоры келген қонақтарға алғысын білдіре отырып, бірлесіп жұмыстар жасауға шақырды.

**ЯУ-ақпарат**

# САМАЛ ЕСЛЯМОВА – УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ!

**Таяуда оқу ордамыздың мәдениет орталығында 71-ші Канн кинофестивалінде «Ең үздік әйел рөлі» номинациясын жеңіп алған Сергей Дворцевойдың «Айка» толықметражды психологиялық драмасының көрсетілімі өтті.**



Шараға фильм режиссері Сергей Дворцевой, басты рөлді сомдаған Самал Еслямова, облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы басшысының орынбасары Г.Нысанбекова қатысты.

«71-ші Канн кинофестивалінде отандасымыз Самал Еслямова ие болған «Ең үздік әйел рөлі» номинациясы кешегі Кеңес Одағы кезінде ешқандай актрисаға бұйырмаған жүлде. «Айка» фильмін кино өнерімізге қосылған жауһар дүние деп білемін» деді көрсетілімде алғаш сөз алған университет ректоры Б.Абдрасилов. Жиын барысында Б.Серікбайұлы С.Дворцевой мен С.Еслямоваға университет ұжымы атынан арнайы сый-сияпат ұсынды. Өз кезегінде С.Дворцевой мен С.Еслямова фильмге қызығушылық танытып арнайы келген қонақтарға ризашылықтарын білдірді. "Айка" кинокартинасы – Қырғызстаннан Мәскеуге күнкөріс қамымен келген мигрант қыздың ауыр тағдыры жайлы сыр шертеді.

Шара барысында режиссер мен актриса көрермендердің көкейдегі сұрақтарына жауап берді. Фильмді түсіру кездегі қиындықтары мен қызықтарымен бөлісті.

# АПТА АЙШЫҚТАРЫ

**АСТАНА**. Елорда төрінде «Нұр Отанның» 20 жылдығына орай Назарбаев университетінде партиясының панельді сессиясы өтті. Онда Елбасының Бес әлеуметтік бастамасы және «Нұр Отан» партиясының 2030 жылға дейінгі бағдарламасында көзделген тапсырмаларды жүзеге асыру аясында білім сапасын жоғарылату, әлеуметтік әлсіз топтарды қолдау, жастарға жағдай жасау мәселесі талқыланды. Мәжіліске «Нұр Отан» партиясының хатшысы Фархад Қуанғанов, вице-министр Жұлдыз Омарбекова, «Жастарды қолдау» бағыты бойынша партиялық куратор Бақтияр Мәкен, «Нұр Отан» партиясы жанындағы Республикалық балалар құқығын қорғау кеңесі төрағасының орынбасары Динара Закиева, университетіміздің ректоры Болатбек Абдрасилов, Мәжіліс депутаты Жәмила Нұрманбетова, Білім және ғылым вице-министрі Эльмира Суханбердиева және Шығыс Қазақстан, Түркістан, Қызылорда, Қарағанды облыстарынан арнайы келген делегаттар қатысты.

Маңызды жиында университетіміздің ректоры Болатбек Абдрасилов білім сапасын арттыруға бағытталған тәжірибе енгізу жайын алға тартып, аймақтық жоғары оқу орындарын дамыту мәселесін көтерді. – Аймақтардағы білім деңгейін көтеру үшін әлемдегі ең үздік жетекші университет, академиялардың тәжірибесін ұтымды қолданған жөн. Елбасы Жолдауында білім сапасын көтеру жайы үнемі айтылады. Оның ішінде тұрмысқа қажетті жобаларды жүзеге асыру – халықтың әл-ауқат деңгейін жақсартуға үлес қосар еді. Білімді кадр ел экономикасының сапалы дамуына ықпал ете алатынын жастарға түсіндіріп келеміз. Халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға жастардың да атсалысқаны қажет. Білім беру саласындағы үздік тәжірибелерді іріктеп, өзімізге қажеттісін алсақ қана ұтамыз. Оқу орындарының материалдық базасын жасақтауда ең қажетті жобаларды жүзеге асыру табыс әкеледі. IT саласында жаңа кадрларды даярлауда осыны ескерген абзал, – деді Болатбек Абдрасилов.

***

**РАДИО**. Жуырда Астана қаласына іс-сапармен барған университетіміздің ректоры Болатбек Серікбайұлы Шалқар радиосындағы «Тұғыр» бағдарламасында қонақта болды. Бағдарлама барысында университетіміздегі жастарға көрсетіліп жатқан негізгі қолдауларды айта отырып, тың өзгерістерді де баяндады. Сонымен қатар шетелден мықты мамандар тарту арқылы оқу процесін жоғарылату жайын да назардан тыс қалдырмады.

***

**ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Түркістан облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Облыстық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Полат Қырықбаев пен оқу ордамыздың ректоры Болатбек Абдрасилов екіжақты кездесу барысында атқарылып жатқан жұмыстар мен жоспарлар жайында баяндады. Дене шынықтыру және спортпен айналысатын жастардың санын арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру аясында ынтымақтастықты дамыту басты назарға алынды.

***

**СЕМИНАР.** Түркологияның өзекті мәселелері туралы Түркология ғылыми-зерттеу институты «XXI ҒАСЫРДАҒЫ ТҮРКОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ» тақырыбында онлайн семинар ұйымдастырды. Баяндамашы Назарбаев Университетінің «Қазақ тілі мен түркітану» кафедрасының меңгерушісі, профессор Юлай Шамилоғлы.

**ТРЕНИНГ**. Оқу ордамызда «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының ұйытқы болуымен семинар-тренинг өткізілді. Оған білім ордасының студенттері қатысты. Сала мамандары білімгерлерге бағыт-бағдар берді. Осы уақытқа дейін «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының мамандары оқу ордамыздың ұстаздарына «Кәсіпкерлік негіздері» тақырыбында тренинг өткізіп кеткен болатын.

# «АЛДАРАСПАН» ТЕАТРЫ ОҚУ ОРДАМЫЗДА



**Оқу ордамыздың Мәдениет үйінің кіші залында "Алдараспан" әзіл-оспақ театры ұжымы актерлік шеберлік, хореография мамандықтары студенттерімен кездесті.**

"Алдараспан" театрының арнайы Түркістанға ат басын тіреуі де тегін еместі. Біріншіден, екі күн қатарынан жаңа концерттік бағдарламаларын халыққа паш етсе, екіншіден, театр ұжымындағы әртістердің бір парасы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың түлектері. Алдымен сөз алған театр директоры Нұржан Төлендиев, Түркістандағы театрдың бойына қан жүгірткен және талай талантты шәкіртті тәрбиелеген ұстазы Райымбек Сейтметов туралы аз-кем әңгіме өрбітті. Оған қоса, шәкірттердің көкейінде жүрген сауалдарға жауап беріп, өздерінің студенттік шақтарын бір ауық еске алды. Әсерлі әңгіме мен әдемі әзіл жарасым тапқан жиын соңы болашақ театр әртістерінің кәсіби мамандар алдында кішігірім қойылымды сахналауымен тәмамдалды.

**Бақдәулет АНАРБАЕВ,**
**2-курс студенті**

ЖАСТАР ЖЫЛЫ

# Студенттер беті

# АУДИТОРИЯ



## ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

**Тарих - елдің іргелі әрі жарқын болашағының маңызды кепілі. Ал сол тарихты құрметтеп, қадірлеп, оқып-біліп қана қоймай, оны зерттеп, жаңғырту жолында еңбек ететін олжастар! 2019 жыл-жастар жылы болып жарияланғалы бері жалынды қазақ жастары барлық салада белсенді жұмыстар атқару үстінде. Жуырда «Орда» тарихи-танымдық клубы мен «Жас Отан» Жастар Қанаты және де университетіміздің белсенді студенттерінен құралған экскурсиялық топ «Жастар жылы» аясында орта ғасырлық Сауран және Сығанақ қалаларына сапар шекті.**

«Тарих толқынында» атты экскурсиялық сапар қызықты сәттерге толы болды. Алдымен, Сығанақ қаласын аралап, қала орнын өз көздерімен тамашалаған студенттер, артынша Сунақ ата кесенесіне де табан тіреді. Будан кейін, жастар ортағасырлық Сауран қаласында болды. Көп бөлігі тұтастай сақталған, Кең



ауқымды әрі қамалдармен қоршалған Сауран қаласының ғажап тарихи бейнесі студент жастарды таңдай қақтырды. Бұрын тек ғаламтордан көріп қана шектелген жастарға тарихи Сауран мен Сығанақ қалалары естен кетпес әсер мен қызыққа толы ғажайып күн сыйлады.

«Орда» тарихи-танымдық клубының ұйымдастыруымен болатын осындай экскурсиялық сапарлар шеруі бұдан кейін де жалғасын табатыны сөзсіз. Еліміздің тарихи жерлері мен елді мекендерін танытып, жастар арасында насихаттауды көздейтін бұл студенттік клуб белсенділері өз мақсаттарын іске асыру жолында аянып қалмақ емес!

**«Орда» тархи-танымдық клубы**

## ӨМІРІҢІЗДІҢ 2 ЖЫЛЫ ЖАРНАМА ҚАРАУМЕН ӨТЕДІ

**Қаланың қай жеріне қарасаңызда жарнамалар самсап тұр. Көздің жауын алатын афишаларды қарамайын десең де, еріксіз назарыңды аударады. Теледидардағы жарнамалардың дамығаны соншалық бүгінде тауарды адамға көрсетіп қана қоймай, өз өнімін тұтынушы эмоциясына қарай ұсынуды да үйренген.**



Жарнаманың ғылыми негізде 25 түрі бар екен. 1440 жылға дейін жарнаманың жалғыз түрі - дауысты хабарлау болған. Ал ең алғашқы жарнама көне Мысыр елінде жасалған. Құл сатушылар "жарнамалық баннерлерді" папирус қағазына жазып, адам көп шоғырланатын көшелерге іліп қойған. Әлем тарихындағы ең қызықты жарнама XX ғасыр басында, ату жазасына кесілген адам тарапынан жасалған. Ол өзінің соңғы сөзінде: "Ван Гуттен" какосын ішіңіздер" деп айқай салады. Бұл сөз БАҚ-та жаппай басылып, шынымен де "Ван Гуттен " какосының сатылымы бірнеше есе өскен.

Бүгінде күйбең тіршіліктен арылып, отбасының бас қосатын кезі кешкі ас уақыты болды. Осы арада бәрі экран алдына жайғаса қалады. Телехикаялар мен бағдарламаларды қарайды. Алайда 1 сағат ішінде 15 минут жарнама қарағанын байқамай қалады. Ал енді статистиканы қараңыз: өміріңіздің 2 жылы жарнама қараумен өтеді деген сөз.

Әлемде бүгінде 10 мыңға тарта жарнама агенттігі жұмыс атқарады. Бұл агенттіктер жыл сайын жарнамаға 7 триллион доллар қаржы жұмсайды.

Ең алғаш жарнама арқылы өз миллиондарын тапқан басылым "Life" журналы.

Біз біле бермейтін жарнаманың өзіндік айла тәсілдері де бар екен. Сусынды жарнама жасау кезінде мұз кесектері еріп кетпеуі үшін ариельден жасалады. Ал көпіршігі мол болып көрінуі үшін ыдыс жуатын сұйықтықты қолданады. Сусынан жарық сәулесі анық көрініп тұру үшін кәдімгі су қосады екен. Естімеген елде көп.

Бүгінде жарнама саудада жүргізетін тетік қана емес, сондай-ақ тұтыну мәдениетін жаңа биіктерге көтеретін "өркениет үдеткіші" де болып отыр. Тұтынушы мен өндіруші арасындағы маңызды дәнекер бола отырып, жарнама экономиканың дамуын ынталандырып өнім сапасын жетілдіретін маңызды тұтқа ретінде көрінуде.

**Әйкен ЖАҚЫП,**
**3-курс студенті**

СТУДЕНТ ОЙ АЙТАДЫ

## ҚАЗАНШЫНЫҢ ЕРКІНДЕ ҚАЙДАН ҚҰЛАҚ ШЫҒАРСА

**Жуырда өткен сенат мәжілісінде университет асханасындағы комплекстік астың құнын түсіру туралы шешім қабылданды. Қалтасындағы соңғы тиынын санап, күнін күнге жалғап жүретін студенттер үшін бұл үлкен қуаныш. Оқу ордамыздың басшылығы студенттердің жағдайын барынша жақсартып, қолынан келгендерін жасауда. Десек те, "Арзанның сорпасы татымастың" күйін кешіп, асханадағы кейбір дүниелерге қарның ашып қарайтыны сөзсіз. Бизнесте "Тұтынушының таңдауы әрдайым дұрыс" — деген қағида қалыптасқан. Ендеше, сол асхананың негізгі тұтынушылары студенттердің көңілінен шықпайтын нәрселерді тарқатып көрейік.**

Алдымен, уақыт мәселесі. Университет көлемінде жастар арасында жүргізілген сұрақ-жауап кезінде көптің көңілінен асхананың жұмыс істеу уақыты шықпайтыны айтылды. Себебі, түскі асқа үлгергісі келгендер сабағына кешігіп, кешкі асқа асыққандар салқын тамақты қанағат тұтуына тура келіп жатады. Салқын ас түгілі, кей күндері 18:00 мен 20:00 арасында жұмыс жасайтын " Титаникке" 19:00 ден кешігіп барсаңыз тойымды тамақ таппай қайтуыңыз да ғажап емес.





Екінші мәселе, университет студенттерінің көбінде "Халық банк" карталарының болмауы. Қазіргі уақытта біз үшін үстеме пайызы тым жоғары Ұлттық банктен гөрі, әрбір жасаған саудаң үшін пайда түсіретін "Каспий GOLD" арқылы есептесу оңайырақ. Әрине, студенттердің біразы шәкіртақы алатыны рас. Дегенмен де, ата-анасынан алатын ақшасын басқа банк картасына салғанды жөн көретін жастар жағдайын да ескерген жөн.

Келесі кезекте, комплексті астың әркімде әртүрлі көлемде болуы. Бүгін тойып тамақтануың тамақ беруші апайларымыздың көңіл-күйіне байланысты екенін талай байқадық. Бұл жағдайға кейбір ұстаз, оқытушыларымыздың да көңілі толмайтынына көзіміз жетті. Университетте атқарар қызметімізге немесе асханадағы апайлардың көңілін таба білуіңізге қарай ішер асыңыздың да көлемін анықтауға болады.

Тағы бір мәселе нан, сусын секілді қосымша астарды бөлек сатып алуға мүмкіндіктің болмауы. Екі түрлі тағамды тауысып жеу үшін, бір жапырақ нанды жеткізуіңізге тура келеді. Ал, қара су орнына қосымша компот немесе айран алуға мүлдем болмайды. Бұл жәйт те студенттерге түсініксіздеу болып тұр. Ең соңғысы, басшылық тексеріс жүргізер күнгі ас мәзірі мен қарапайым күндердегі тағам түрлерінің айырмашылығы. Жолыңыз болып шетелдік қонақтар немесе университет басшылары келген кезде бара қалсаңыз қалаған тамақты тауып ішесіз, ал басқа күндері құрғақ күріш пен салқын картоп езбесін қанағат тұтуыңа тура келеді. Асханадан тойып тамақ ішу, ішпесіміз шөміш ұстаған аспазшылардың қолында болып тұр.

**Досхан ТӨЛЕГЕНОВ,**
**4-курс студенті**

СЫРЛЫ СҰХБАТ

# ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ - ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

**«Қыз», «Әйел» дегенде қашанда мейірімділік, сұлулық, қамқорлық секілді қасиеттер елестейді көз алдымызға. Қыздар отбасының сәні әрі мәні. Сондықтан қыздарымыздың көңілі қашанда көктемнің күніндей шуақты болсын дегім келеді. Оның тұрақтылығын қамтамасыз ететін ер азаматтарымыз аман болсын. Мерекелік көңіл-күйді күнделікті сақтап, әрдайым әдемі болып жүріңіздер, — деп лебізін білдіреді Педагогика ғылымдардың докторы, профессор Қалипа Тұрсынқызы.**



**Қалипа АТЕМОВА, педагогика ғылымдарының докторы:**

**— Жақында 3 бірдей кітабыңыз жарық көрді. Осы кітаптарыңызға аз-кем тоқталып өтсеңіз.**

— «Түркі халықтарының қыз балаларды болашақ отбасылық өмірге дайындау дәстүрлері» атты жоба орындадым. Осы жоба аясында 3 кітабым жарық көрді. Бірінші кітап «Түркі халықтарының қыз балаларды болашақ отбасылық өмірге дайындау дәстүрлері» деген атпен жарық көрді. Онда түркі халықтарының қыз балаларды болашақ отбасылық өмірге даярлаудағы салт-дәстүрлері өзара салыстырмалы түрде баяндалып, ерекшеліктері көрсетілді. Дәл қазіргі уақытта кітапқа енбей қалған: ноғай, түркімен, қарашай, құмық, хакас және т.б. халықтарының дәстүрлерін жинақтау үстіндемін. Кітаптың екінші басылымы толықтырылған нұсқада шығатын болады. Ал екінші кітап «Қазақтың салт-дәстүрінің қыз тәрбиесіндегі рөлі» деп аталады. Мұнда қазақ халқының салт-дәстүрлерінің қыздарды болашақ отбасылық өмірге даярлау мүмкіндіктерінің астары ашып көрсетіледі. Көп жағдайда біз салт-дәстүрлерді білгеніміздің оның қыз тәрбиесіне тікелей қандай қатысы бар екендігіне мән бере бермейміз. Шындығында ата-бабаларымыз отбасылық салт-дәстүрлерді сақтай отырып, қыздарды болашақ отбасылық өмірге кешенді әрі жүйелі қалыптастырылып отырғандығын біле бермейді екенбіз. Мысалы, қызға сырға салу, қыз баласын оң босағаға шығару, қызға құрмет көрсету секілді салт-дәстүрлер астары олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сатылы біріздi іске асырылатын әрекеттер. Олардың әрқайсысының қыз бала тәрбиесіне өзіндік ықпалы бар. Бүгінде ол дәстүрлер ескінің көзі секілді болып көрінгенімен, заманауи тұрмыс салтымызда да қолдануға әбден келіп тұр. Қолданылу формаларын сақтамасақ та, астарын, солай етудегі тәрбиелік мәнін аңғара білетін болсақ бүгінгі қыз тәрбиесін тиімді ұйымдастыруға көп көмегі болар еді деп білемін. Үшінші кітап «Ұлттық құндылықтарды қыз тәрбиесінде пайдалану» деп аталады. Мұнда ата-аналарға арналған кеңестер беріле отырып, ұлттық құндылықтардың қыз тәрбиесіндегі мәні мен оны бүгінгі күні отбасы тәрбиесінде пайдаланудың қажеттілігі сипатталады.

**— Кітаптарыңызды қыздардың тәрбиесіне арнаған екенсіз. Қыз тәрбиесі өзекті мәселенің бірі десек те болады. Ең бірінші неге көңіл бөлдіңіз?**

Қыз тәрбиесінің бүгінгі күні өзекті болып отырғаны рас. Себебі, бүгінгі қыздарымыз отбасылық құндылықтарға аса жауапкершілікпен қарай бермейді. Отбасы құндылығын бағалай да бермейтіні рас. Ер балаға қарағанда қыз бала тәрбиесі қашанда ерекшеленген және қыз тәрбиесі анағұрлым күрделі әрі жауапты. Отбасы ұйытқысы мен берекесі әйел баласының ақылына тікелей байланысты. Сондықтан болар ұлы ғұламалар өз еңбектерінде жар таңдау мәселесін көтергенде қыздарға ер азаматты таңдау бойынша емес, жігіттерге қыз таңдауға кеңестер береді.

Орта ғасырда өмір сүрген ұлы ғұлама Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» деген дастанында жігіттерге жар таңдауда кеңестер бере отырып, қыздардың төрт түрлі типіне сипаттама беріп кеткен. Сұлу қызға үйленгендер жүре келе әйелін кім көрінгеннен қызғанып, уақытын үнемі өз әйелін қорғаштап күзетумен өткізеді. Сөйтіп, сұлуға үйленген адам күзетшінің кейпін киіп, қандай сорға тап болғанын өзі де байқамай қалады: «Сұлуқұмар, сұлуды аңсап сор құма, қызыл жүзді сарғайтпа, һәм қор қылма» (4485-бәйіт).

Ақын, «әйел алсаң сұлуды алма, бай әрі атақты жерден шыққан қызды да алма, алсаң тек ақылды әйел ал» деп, нақты кеңес береді. Ақылды әйел ғана шын мағынасындағы сұлуға айналып, күйеуінің қолын байлыққа да, атаққа да жеткізеді. Ғұлама-ғалым ақылды әйелге үйленген жігіт ақылдылық, одан туындайтын жан мен тәннің сұлулығы, бақ-дәулет, атақ-дәреже сияқты, барлығы төрт қасиетке ие болып, қолына бақыт құсын қондырады деп ой түйеді.

Ж.Баласағұн қыздарды бір жапырақ етке теңей отырып, олардың тәрбиесінің маңыздылығын мынадай өлең қатарымен сипаттаған:

«Қыз да бір ет, бапта, сақта қалайда.

Баптамасаң ет бұзылар, не пайда», - деп әйел бұзылса ол қалпына келмейтінін айтып қыз тәрбиесінде өте жауапкершілікті болуға кеңес береді.

Сондықтан, бүгінгі күні ата-аналар және мектеп тәрбиешілері үшін әдістемелік құралдар мен көмекші құралдары өте қажет-ақ. Қыз тәрбиесін ұлттық бағытта жетілдіруге аса мән беру керек. Әрине, біз өткен заманды көксеп, өткенімізге ораламыз демейміз. Десек те, жаһандық ақпараттарды игерумен қатар, тәрбиемізді ұлттық бағытта жетілдіруіміз қажет.

**- Бүгінгі күні отбасын басқаруда ер азамат лидер болуы тиіс пе, әлде әйелдің басымдылығы тиімді ме? Көптеген отбасыларында әйелдер пікірі мен көзқарасы басым болып жүр ғой. Оған не дейсіз?**

Отбасы кіші мемлекет ретінде өзіндік күрделі қызметтерді атқаратындықтан, оны басқаруда да ақыл мен білімділіктің керек болатынын ұлы ғұлама әл-Фараби жақсы айтып кетті. Ол өзінің «Бақытқа жету жолында» деген еңбегінде отбасы туралы былай дейді: «Қала үйден, үй төрт бөліктен тұрады. Олар: ері мен әйелі, ата-анасы мен балалары, мүлкі мен мүлік иесі, қожайыны мен қызметшісі. Кімде-кім осылардың арасын байланыстырып, ынтымағын орнатып, мәселелерін шешіп отыратын болса, ол осы үйдің әкімі болады. Біз оны қожайын деп айтамыз» дейді. Бұл жерде үйдің қожайынының немесе әкімін әйел не ер кісі екенін айтпайды. Демек, ол отбасы бақыты үшін білімділік пен ұйымдастырушылық жасау шеберлігіне қарай өзінен өзі мойындалып, лидерлік сатыға шығады деген сөз. Сондықтан, ер азаматтар қашанда әйелден бір саты болса да жоғары тұруға талпыныс жасауы тиіс. Сол кезде олар өз орындарында болады.

Сонымен қатар, әл-Фараби шағын отбасын басқару үшін аса көп ақыл керек емес, отбасы үлкен болған сайын көп ақыл керек болатынын да айтқан. Себебі, бірнеше ұрпақ өкілдерін бір отбасында ынтымақты әрі берекелі өмір сүруге ұйымдастыруға ұйытқы болып, басшылық жасау нағыз ер азаматтың, ақылды ердің ғана қолынан келетінін айтады.

**— Қыздар жігіт таңдауда қандай қасиеттеріне көңіл бөлулері керек?**

— Әл-фараби айтқандай, жігіттеріміздің біріншіден денсаулығы мықты болуы керек. Жауапкершілігі бар болса берген уәдесіне, сөзінде тұратын бір сөзді болады. Үшіншіден, көркем мінезді болса әйел адамдар еркелегенді, арқа сүйегенді жақсы көреді. Әйел ер кісі үшін аманат. Жылы сөйлеудің өзі садақа. Төртіншіден, жігіттің бойында еңбекқорлық болуы шарт. Жігіт отбасын өзі асырап, әйелдің табысына арқа сүйемеуі тиіс. Отбасын асырап бағу ер азаматтың міндеті деп шариғатымызда да көрсетілген. Бесіншіден, шешім қабылдағыштық, әділдік, адалдық, ержүректік. Осылай он екі мінезді бергенде Әл-Фараби басты нәрсе деп мінезге тоқталады. Кімде-кім өмірде бақытсыз болса оған оның мінезі кінәлі, себебі адам бұл өмірге бақытты болу үшін келеді. Бақытты болудың бірден-бір шарты жақсы мінездің болуы деп атап көрсетеді.

Қазақта бірінші байлық денсаулық дейміз. Ал Абайдың көзқарасында жақсы денсаулыққа алып келетін де мінез. Мінезіміз жайлы болса кез келген ортада өзімізді жайлы сезініп, араласып кетеміз. Жайсыз мінез адам психологиясына әсер етіп денсаулықтың бұзылуының басты себепші болады.

**— Қазіргі таңдағы отбасының бұзылуының себептері неде және қыздар қанша жаста тұрмыс құрғаны дұрыс деп ойлайсыз?**

— Жастардың арасында жүргізген сауалнамалар материалдық жетіспеушілік ажырасудың басты себебі емес деген көзқараста екендігін байқатады. Материалдық жетіспеушілік реніштің туындауына түрткі болуы мүмкін, бірақ ажырасуға емес. Екі жастың арасында рухани жақындық болмағанда, көзқарас әртүрлі болған жағдайда жастардың бірге тұруының мәні бұлыңғырланады. Рухани жұтаңдық пен өзара түсінбеушілікке әлеуметтік қиыншылық қосылғанда мәселе тіптен қиындап кетеді. Қазір өте ақылды жастар өсіп келеді. Тағы бір айта кететінім Европа көрген жастар ерте отбасын құруға қарсы. Ізденіп, білім алып, әлемдік тәжірибені алғылары келеді. Қыздар қазір қоғамда өте белсенді. Ол жаман емес. Мен ғылымда жүрген адам ретінде айтарым қыздар 22 жастан тұрмыс құрса өте қолайлы уақыт деп ойлаймын. Ұрпағың қанша көп болса, сен соншалықты байсың. Ғылымды, жұмысты қатар алып жүруге болады. Әйел затының байлығы да құндылығы да балалары. Сондықтан осы зерттеулерден кейін қыздың басты міндеті отбасын құрып, құдайдың берген балаларын дүниеге алып келу және ұрпақтарына жақсы тәрбие беру деген пікірге келдім.

**— Мектепте біржақты білімге көңіл бөлініп кеткен секілді. Өйткені қазіргі таңда осы қаймағы бұзылмаған Оңтүстіктің өзінен неше түрлі мектеп жасындағы қыз балалардың жүкті болып қалғандығын естіп жатырмыз. Осыған мектептегі бала тәрбиесіне не дер едіңіз?**

— Расында біз кәсіби жағына көп көңіл бөліп кетеміз. Шын мәнінде толық бақытты болу отбасы бақытымен қоса қызметтік бақыттан тұрады. Екеуі тең түсуі керек. Жоғары оқу орнын бітірген маман қызметте таптырмас шебер ақыл иесі немесе кәсіп иесі болуы мүмкін. Әйтсе де, ол отбасында қандай жар, қандай ана немесе қандай келін? Оны ешқандай оқу орнында дайындап, үйретпеді ғой. Сондықтан, мектептердің жоғары сынып оқушыларымен және жоғары оқу орындарында қыздарымызды және ер балаларды болашақ отбасылық өмірге даярлық курстарында оқыту арқылы ақпарат беру маңызды. Жоғары сыныптан бастап отбасының бюджетін қалай құру керек, ата-ана болуға дайындық неден басталатынын үйрететін таңдау пәндері оқытылуы қажет деп білемін. Сонымен қатар, ата-аналардың сауаттылығын олардың балаларымен қатар алып бару керек. Балалары қай сыныпта болса, сол балалардың жас және физиологиялық ерекшеліктеріне сай болатын өзгерістерді және олармен қалай қарым-қатынас жасау тәсілдерін түсіндіріп, ақпараттар беріліп отырса тәрбиеде нәтижеге жетуге болады. Осы жағынан кенже қалып отырмыз. Мысалыға ата-аналар жиналысқа барғанда ешқандай пайдалы кеңес ала алмағандықтан жиналысқа да қызықпайды. Мұғалімдердің кейбіреуі өз пәнінің жақсы маманы болуы мүмкін, бірақ отбасы тәрбиесінде, қыздар тәрбиесін ұйымдастыру, ата-аналарға кеңес бере ала ма? Өйткені, оны жоғары оқу орнында оқып жүргенде жан-жақты қызметтік әрекеттер саласын қамтып үйренбеді.




**— Алдымызда әйелдер мерекесі келе жатыр, қыздарға айтар тілегіңіз?**

— «Қыз», «Әйел» дегенде қашанда мейірімділік, сұлулық, қамқорлық секілді қасиеттер елестейді көз алдымызға. Қыздар отбасының сәні әрі мәні. Сондықтан қыздарымыздың көңілі қашанда көктемнің күніндей шуақты болсын дегім келеді. Оның тұрақтылығын қамтамасыз ететін ер азаматтарымыз аман болсын. Мерекелік көңіл-күйді күнделікті сақтап, әрдайым әдемі болып жүріңіздер. Мерекелеріңіз құтты болсын!

**— Әсерлі әңгімеңізге рахмет, мерекеңізбен!**

**Әңгімелескен:**
**Эльмира АРТЫҚБАЕВА**

# ӘЙЕЛ КҮЛСЕ, ӘЛЕМ КҮЛЕДІ...

**БЛИЦ-СҰХБАТ**

**Көптен күткен 8-наурыз қыз-келіншектер күні келіп жетті. Бұл мерекенің көктемде тойлануы заңдылық. Өйткені, аналарымыз да көктем секілді адамзатқа жылылық пен әсемдік сыйлайды. Біз де мейрам қарсаңында «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, аяулы ана, асыл жар, сүйікті ұстаз Жылқыбай Гүлімжан Қызметқызымен аз-кем тілдескен едік. Назарларыңызға ұсынамыз.**

**— 8-наурыз мерекесінің сіз үшін мәні қандай?**

— Ерте көктеммен еріп келетін бұл мереке көңілге ерекше жылылық сыйлайды. Бала кезімізден қалыптасқан дағды бойынша жақындарыңды құттықтағың келеді. Анам өмірден небәрі 47 жасында ерте кетті, ол кезде біз жас едік. «Шіркін-ай, анама бір сыйлық жасай алмадым ғой» деген өкініш те көңілінде қылаң беріп қалады. Өзің әже болсаң да, анаңмен өткен жақсы күндеріңді сағынасың.

Жер бетіндегі әйелдердің бәрін біріктіретін ортақ мақсаттар - үй ішінің берекесі, балалары мен жақындарының денсаулығы мен бақыты, бейбітшілік. Әйелдер үшін одан асқан бақыт та, қуаныш та, мерей де жоқ. Тіршіліктің бастауы - аналар аман болсын!



**— Мерекеде жақындарыңыздан қандай сыйлық күтесіз?**

— Балаларым мен жақындарымның денсаулығы дұрыс болса - ең үлкен сыйлық сол. Байлық та - сол. Балаларым мен жақындарым жазықсыз қиянат көрмесе екен. Қанағатшыл қазақ аналарының бірі ретінде «Осы күнімізді құдайым көп көрмесін» деген шүкіршілік тілекпен өмір сүріп келемін. Сыйлық алмадым демеймін, келіндерімнің шығармашылық ізденістеріне қарай сыйлықтар түрленіп тұрады.

**— Әйел бақытын қалай түсінесіз?**

— Тағдырымның берген сыйы ұлдарым, келіндерім, немерелерім бар. Айтқанымды екі етпейді. Өмірлік жарым 38 жыл бойы жанымның жалауы боп, өмірдің белестерінен бірге асып келе жатырмыз. Алла өмір берсін! Ұлдарымыз сыйлаған, Құдай қосқан сырлас құда-құдағиларымызды өзімізді адал пейіліміздің, таза көңіліміздің қайтарымындай жақсы көреміз. Осыдан асқан бақыт бар ма?

## БӘЙШЕШЕК - СЕНІМНІҢ, ҮМІТТІҢ СИМВОЛЫ



**Өткен жылға алғыстан басқа айтарым жоқ. Мектепті аяқтап, арманды мақсатқа айналдыра отырып, Қожа Ахмет Ясауи атындағы жоғары оқу орнына түстім. Бұл жылы облыс орталығына айналған Түркістан мені құшағын жая қарсы алды. Ал 2019 жыл «Жастар жылында» 18 жасқа толдым. Керемет сезім емес пе?!**

Менің өмірім осылай ғажайып цифрлармен жаңғырып жатыр. Студенттік шақтың алғашқы көктемін жаңа достарымның ортасында, жылдағы дәстүрден тыс қарсы алдым. Күлімдеген көктемнің алғашқы күні 2016 жылдан бастау алған Алғыс айту күні. Көктемнің келуімен қатар мерекелер де басталады. 8 наурыз әйелдер мерекесі, 21 наурыз Ұлыстың ұлы күні күн мен түн теңесіп, жаңа жыл басталады. Көктемнің келгенін сездірін бәйшешек гүлі хабар береді. Аңыз бойынша Адам ата мен Хауа ана жұмақтан қуылған уақытта қыс мезгілі екен. Жерде қалың қар жатқандықтан аяғы тоңған Хауа ана жылы жұмақты есіне алып қайғырған уақытта, оның көз жасын көрген періштелер бірнеше қар қылауларын бәйшешек гүліне айналдырыпты. Қатты қуанған Хауа ананың бойында Құдайдың кешірімін алуға деген үміті ояныпты. Содан бері бәйшешек гүлі – сенімнің ягни үміттенудің символы болып есептеледі екен. Ал орыс халқының аңызы бойынша қаһарлы Қыс патшайымы мен Аяз патшасы жер бетіне «Көктемді келтірмейміз», деп шешіпті. Алайда батылдық танытқан Бәйшешек қыстың сұғына қарамай жер бетіне өсіп шығып, Күн анадан көмек сұрапты. Күн ана Бәйшешектің ерлігіне разы болып, жерді күн көзімен жылытып, көктемнің келуіне жол ашыпты. Бәйшешектей пәк, адал болып, қызғалдақтай құлпырып жүріңіздер. Қыздар-ана болатын, әжелер-ана болған жандар! Аналар бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді. Аналарымыздың көңілін кірлетпей, барында бағалайық!

**Перизат САБЫР,**
**1-курс студенті**

## ҚЫЗ - ЕРКЕМ, ҚЫЛЫҒЫМЕН КӨРКЕМ

**«Қызға қырық үйден тыйым» деп қазақ салт-дәстүрінде тәрбиелік ұғым, ұстанымды атайды.**

1. Жарыса сөйлеуге
2. Жалғыз қыдыруға
3. Жыртақтап күліп, сыпсыңдап сөйлеуге
4. Орынсыз ұрынуға
5. Басқаларға қол тигізуге
6. Өтірік, өсекке
